

Республикалық бюджетте тұратын ұйымдардың ұйымдарға (тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді берушілерге) пайда болған берешектерін оларды соңғыларының республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешектерін өтеуі есебіне есептеу жолымен өтеудің тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 30 қыркүйек N 1393.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.06.18. N 554 қаулысымен. ~P980554

Республикалық бюджетте тұратын ұйымдардың олардың көрсеткен қызметтері мен берген тауарлары үшін ұйымдардың алдындағы берешектеріне есеп жүргізуді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы
е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Республикалық бюджетте тұратын ұйымдардың ұйымдарға (тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді берушілерге) пайда болған берешектерін оларды соңғыларының республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешектерін өтеуі есебіне есептеу жолымен өтеудің тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзім ішінде жергілікті бюджеттер бойынша берешектердің есебін жүргізудің осындай тәртібін әзірлесін және оны белгіленген ретпен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

3. "Республикалық жергілікті бюджеттерде тұратын мекемелердің ұйымдарға (берушілерге) пайда болған берешектерін оларды соңғыларының бюджетке төленетін төлемдер жөніндегі берешектерін өтеуі есебіне есептеу арқылы өтеудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 маусымдағы N 719 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 30 қыркүйектегі

№ 1393 қаулысымен
бекітілген

Республикалық бюджетте тұратын ұйымдардың ұйымдарға
(тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді берушілерге)
пайда болған берешектерін оларды соңғыларының республикалық
бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешектерін өтеуі
есебіне есептеу жолымен өтеудің
ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп республикалық бюджеттің, республикалық бюджетте тұратын ұйымдардың және тауарларды беретін, жұмыстарды орындайтын және қызметтер көрсететін ұйымдардың (бұдан әрі - ұйымдар (берушілер) есептеулер жүргізу жолымен өзара берешектерін өтеуі кезіндегі өзара қатынасын реттейді.

2. Бюджеттік ұйымдардың берілген тауарлар, көрсетілген қызметтер және орындалған жұмыстар үшін ұйымдардың - берушілердің алдындағы берешектерін соңғыларының республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешектерін өтеуі есебіне есептеу бюджеттік ұйымдар шығыстары сметаларының тиісті ерекшелігі мен ұйымдардың - берушілердің республикалық бюджеттің алдындағы берешектерінің сомалары бойынша республикалық бюджетте көзделген шығыстар лимиттерінің шегінде, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының негізінде жүргізіледі.

3. Бюджеттік ұйымдардың берешектеріне жүргізілген есептеудің сомалары қары жоспарын құрудың және қолма-қол ақша құйылуын болжаудың тәртібін реттейтін қолданылып жүрген нормативтік актілерге сәйкес, оларды кейін республикалық бюджеттен қаржыландыру кезінде мына құжаттарды:

Қазақстан Республикасының министрліктеріне, мемлекеттік комитеттеріне, басқа да мемлекеттік органдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін өзге де орталық атқарушы органдарына және ұйымдарға (бұдан әрі - министрліктерге (ведомстволарға)) берілетін қазынашылық р ұ қ с а т т а р д а ;

министрліктердің (ведомстволардың) рұқсаттарында;
бюджеттік қаражаттарды төменде тұрған бөлушілердің рұқсаттарында
к ө р с е т і л е д і .

II. Өзара берешектердің есебін жүргізудің тәртібі

4. Берешектердің есебі республикалық және жергілікті бюджеттердің арасында бөлуге жататын жалпы мемлекеттік салықтарды қоспағанда тек республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша ғана жүргізіледі.

5. Министрлік (ведомство) республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша несиелік берешектері бар ұйыммен (берушімен) бірлесіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің есеп жүргізу туралы шешімінің жобасын дайындайды, оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде, Экономика министрлігінде және Әділет министрлігінде келіседі. Қаулының келісілген жобасы белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі көрсетілген қаулыны қабылдағаннан кейін министрлік (ведомство) ведомстволық бағыныстағы бюджеттік ұйымдар мен ұйымға (берушіге) олардың өткізілетін есептеуге кіргізілетіндігі туралы жазбаша хабарлайды.

6. Республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешегі бар ұйым (беруші) есеп жүргізу үшін, оның алдында берешегі бар бюджеттік ұйымға қызмет көрсететін облыстық (Алматы және Ақмола) қалалық Қазынашылық басқармасына мынадай құжаттарды:

салық төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органының: толық түспеуді, есептелген айыппұлдар мен үстемелерді бөліп көрсету арқылы салықтар және республикалық бюджетке төленетін басқа да төлемдер жөніндегі берешектердің бар екендігі туралы анықтамасын;

ұйымдар (берушілер) мен бюджеттік ұйымдардың арасындағы берешектерді салыстыру актісін. Ұйым (беруші) бюджеттік ұйымдардан берешектерді талап ету құқығын басқа заңды тұлғаға берген жағдайда, республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешегі бар соңғысы сонымен бірге ұйым (беруші) мен аталған заңды тұлғаның арасындағы берешектерді салыстыру актісін, талап ету құқығын беру туралы келісімнің нотариалдық расталған көшірмесін ұсынады ;

министрліктің (ведомствоның) бюджеттік ұйым мен ұйымның (берушінің) жүргізілетін есептеуге кіргізілгендігі туралы жазбаша хабарлауының көшірмесін;

бюджеттік ұйымның, ұйымның (берушінің) және республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешегі бар, кредитордың құқығы (егер ондай болса) ауысқан заңды тұлғаның арасында есеп жүргізу туралы шартты (1-қосымша) ұсынады. Шартты осы тармақта көрсетілген құжаттардың негізінде ұйым (беруші) ресімдейді.

7. Облыстық (Алматы және Ақмола қалалық) Қазынашылық басқармасы

бюджеттік ұйымның орналасқан жері бойынша шарттарды тіркеу журналына тіркейді, оларды бюджеттік ұйым қол астындағы министрліктер (ведомстволар) бойынша тексереді, топтайды және тіркеу журналына белгі соғу арқылы бес данада тиісті министрлікке (ведомствоға) жолдайды.

8. Ұйымның (берушінің) алдында берешегі бар бюджеттік ұйым қол астындағы министрлік (ведомство) есептеуге қатысатын әрбір бюджеттік ұйымның сметасында көзделген сомалардың шегінде және есептеулер жүргізу туралы шарттардың негізінде үш данада шарттардың тізілімі (3-қосымша) мен бес данада есептеу жүргізу туралы шарт (1-қосымша), қоса берілетін төрт данада өзара берешектерді өтеу туралы келісімді (бұдан әрі - келісім) (2-қосымша) ресімдейді және оларды қол қоюға және тіркеуге Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жолдайды.

9. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті алынған келісімдерді тіркейді, аталған министрлік (ведомство) бойынша қаражаттың бар екендігін тексереді, министрліктерге (ведомстволарға) шығыстардың бюджеттік жіктелуінің тиісті кодтары бойынша есептеу сомаларын көрсететін Қазынашылық рұқсаттар береді.

10. Министрлік (ведомство) әрбір ведомстволық бағыныстағы ұйымға министрліктің (ведомствоның) рұқсатын беру жолымен жүргізілген есептеудің сомасы туралы хабарлайды. Бюджеттік қаражатты төменде тұрған бөлушілердің рұқсаты министрліктердің (ведомстволардың) рұқсаттары сияқты рәсімделеді. Министрліктер мен ведомстволар бір уақытта лимиттердің бөлінуін бақылау көрсеткішісіне "Есептеу түрінде" деген белгі соғады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментіне, Алматы қалалық және Ақмола облыстық Қазынашылық басқармаларына қазынашылық рұқсаттарда көрсетілген есептеулер сомасын министрліктер (ведомстволар) немесе төменде тұрған лимиттерді бөлушілер осы Тәртіптің 8-тармағына сәйкес шарттардың тізілімінде көрсетілген ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға ғана бөлуіне және жолдауына бақылау жасау жүктеледі.

11. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті ресімделген келісімдердің негізінде көрсетілген сомаларды республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде "есептеу" бағанында көрсету жөнінде бухгалтерлік жазба жүргізеді.

12. Есепке қабылданған келісімге кіргізілген есептеу жүргізу туралы шарттар төрт данада тиісті облыстық (Алматы және Ақмола қалалық) Қазынашылық басқармаларына жолданады, ал соңғысы қол қойғызу немесе ілеспе хат арқылы: бір данасын - есептеуге қатысқан бюджеттік ұйымға, екі данасын - шарттың бір данасын бюджетке салық төлеушіге беретін облыстық салық басқармасына

береді. Шарттың бір данасы облыстық (Алматы және Ақмола қалалық) Қазынашылық басқармасының іс қағаздарында қалады, оған салыстыру актілері, салықтар бойынша берешектің бар екендігі туралы салық органының анықтамасы және министрліктің (ведомствоның) хабарлауы қоса тігіледі.

13. Шарт есептеуге қатысқан ұйымдардағы берешектерді есептен

шығару жөнінде, сондай-ақ салық төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органындағы салық төлеушінің жеке шотына шартта көрсетілген және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі келісімге кіргізген сомада бухгалтерлік жазба жүргізу үшін негіз болып табылады.

14. Салық төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органы есептеу жүргізу туралы шартты алған кезде салық төлеушінің кәртiшкенің жиегінде "есептеу түрінде" деген белгісі бар жеке шотының тиісті кәртiшкесіндегі аталған ұйым бойынша берешекті өтейді.

III. Бухгалтерлік есеп және есептілік

15. Берешектерді есептеуді бухгалтерлік есепте көрсетудің және есептіліктің тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің белгіленген тәртіпте қабылданған нормативтік актілерімен реттеледі.

1-қосымша

Есептеу жүргізу туралы
N _____ ШАРТ

Күні _____

Бюджеттік ұйымның жеті орынды бюджеттік жіктеу коды мен орналасқан жері көрсетілген атауы

Министрліктің (ведомствоның) атауы

Бюджетке салық төлеуші ұйымның атауы мен орналасқан жері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 199__ жылғы "___" _____
қаулысының негізінде мына төмендегілер туралы шарт жасасты:

Бюджеттік ұйым _____
өзіне салық төлеуші ұйымның салықтардың мына түрлері бойынша республикалық бюджетке төленетін төлемдер жөніндегі берешектерін өтеу туралы міндеттеме қабылдайды:

Төлемнің түрі	Бюджеттік жіктеу коды	Есептеудің сомасы, теңге
БАРЛЫҒЫ:		

сомасы (жазумен) _____
Бөлінген лимиттердің есебінен:

Бюджеттік жіктеу коды	Есептеудің сомасы, теңге
БАРЛЫҒЫ:	

сомасы (жазумен) _____
Осы шарт 5 данада жасалды.

Қолдары:

Бюджеттік
ұйым

Беруші
ұйым

Бюджетке салық
төлеуші

М.О.

М.О.

М.О.

Облыстық

(Алматы қалалық)

Қазынашылық басқармасы

Облыстық

(Алматы қалалық)

салық басқармасы

М.О.

М.О.

Осы шарт 199__ жылғы "___" _____ N_____ өзара
берешектерді өтеу туралы келісімге енгізілген және төлемдік
тапсырманы алмастырады, сондай-ақ есептеуге қатысатын ұйымдардағы
және төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органдарындағы жеке
шоттарындағы кредиторлық берешектерді есептен шығару жөнінде
бухгалтерлік жазба жүргізу үшін негіз болады.

Қолдары:

Бюджеттік департаменттің
директоры

Қазынашылық департаменттің
директоры

М.О.

Даналарды бөлу:

Біріншісі - Қазынашылық департаменті үшін

Екіншісі - облыстық (Алматы қалалық) қазынашылық
басқармасы үшін

Үшіншісі - бюджеттік ұйым үшін

Төртіншісі - Салық комитеті үшін

Бесіншісі - салық төлеуші үшін

